

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

ISSN 2311-8199



9 772311 819145

*Астана қаласының  
мәдени мұрасы*  
*Культурное наследие города Астаны*

**№5/2014  
маусым/июнь**



# НҰРҒА ОРАНҒАН ШЫРАЙЛЫ ШАҒАР – АСТАНА!





## Редакция алқасы:

Б. Б. Мажағұлов	Астана қаласы Мәдениет басқармасының жетекшісі
Ә. У. Тарази	Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
А. К. Кекілбаев	Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Н. Т. Айт	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры
А. Р. Умиршина	Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры
Б. Г. Аяған	Астана қаласы тарих институтының директоры
А. Ш. Нұрзахан	Алтын және бағалы металдары мемлекеттік мұражайының директоры
Ә. Е. Өтегенова	ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі бас-хатшысы
Б. Ж. Жүнісбеков	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры
Н. В. Шиврина	Астана қаласы қазіргі заман мұражайының директоры
Б. К. Оразымбетова	ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

Құрылтайшы: «Атамекен» Қазақстан Қартасы» этно-мемориалдық кешені» МКҚК  
Директор Ү. Д. Мұңалбаева

## Выходные данные журнала

Республиканский научно-познавательный журнал «ИКОМ Қазақстан. Қазақстан мұражайларының мұрасы» - «ИКОМ Қазақстан. Наследие музеев Казахстана»

№ 5/2014 г.

Издается с января 2014 года

Периодичность – один раз в месяц

Журнал выпускается при содействии Министерства культуры и информации РК, Управления культуры акимата города Астаны.

Учредитель и издатель ГККП «Этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен» акимата города Астаны

Почтовый адрес редакции: 010000, Астана

Кургальджинское шоссе, 2/1

Тел.: +7 (7172) 24-31-72

www.atamekenmap.kz, e-mail: atameken2011@mail.ru

Формат 18,5x28,7

Бумага гляцевая двусторонняя плотность на 130 г/м<sup>2</sup>

Обложка формата А3 плотность 250 г/м<sup>2</sup>

Заказ № 5

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан

Регистрационное свидетельство № 14225-Ж от 4 марта 2013 г.

Материалы в журнале подготовлены по информации, предоставленной музеями Казахстана, а также взяты из интернета.

Мнение авторов материалов может не совпадать с позицией редакции. За точность публикуемых сведений и цитат ответственность несут авторы материалов. Редакция оставляет за собой право редактировать материалы.

Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.

Тираж 1000 экз.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ  
КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ  
CULTURAL HERITAGE OF ASTANA

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

4	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ
5	ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
6	STATE SYMBOLS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
7	ПРАЗДНИК БУДЕТ ЯРКИМ
8	РӘМІЗДЕР – МЕМЛЕКЕТ СИМВОЛЫ
10	АСТАНА ЖҰЛДЫЗЫ
11	БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ
12	ЖАНДАРБЕК МӘЛІБЕКҰЛЫ: «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» ӨНІН ЖИІ ТЫНДАЙТЫНЫМЫН
14	ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ КӨРІНСІ
18	САРАТОВ ОБЛЫСЫНЫҢ КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ
19	ТЕЧЕТ РЕК ВОЛГА
19	THE RIVER VOLGA FLOWS
20	НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ЕМЕС, НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА!
22	СЕМЕЙДЕН ТАБЫЛҒАН САУЫТ
24	NOMADS НАҒЫЗ ОТАНДЫҚ ОЙЫН
26	САРЫСУ ЖЕРІНІҢ ТАРИХИ КУӘГЕРЛЕРІ
29	«ӘЛЕМ» - НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАЛЕТ, ЕВРОПЕЙСКИЙ СТИЛЬ
29	«ALEM» – THE NATIONAL BALLET, THE EUROPEAN STYLE
30	ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ
34	МҰРАЖАЙЛАРДЫҢ КӨПТҮРЛІГІ, ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖІКТЕЛУІ
36	МНОГООБРАЗИЕ МУЗЕЕВ, ИХ ВИДЫ И КЛАССИФИКАЦИЯ
38	С ЧЕГО НАЧИНАЕТСЯ РОДИНА?
41	ЕЛОРДА ТАРИХЫ
44	АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ
45	АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ (XI – XII ғ.ғ.)
46	«АСТАНА ОПЕРА» - АРТИСТОМ МНОГОЕ ПОДВЛАСТНО
49	28 МАУСЫМ – ЖУРНАЛИСТЕР МЕРЕКЕСІ
50	МӨҢГІЛІККЕ ЖЫЛАҒАН ҚЫЗ
53	ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ ӨЛІ ТАЛАЙ АСУДЫ БАҒЫНДЫРАДЫ
56	ЖУРНАЛИСТ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ
58	БАЛАЛАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР
59	ДЕНЬ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ!
60	ЖАС ТАЛАНТТАР АСТАНАДА БАС ҚОСТЫ
61	БАЛАЛАР ТУЫНДЫЛАРЫ ҚОЙЫЛДЫ
62	ҚАЛА КҮНІНЕ ОРАЙ ЕЛОРДАДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР
64	ДҮНИЕЖҰЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГТАР КҮНІНЕ ОРАЙ

**Бас редактор** – Әсем Сағиқызы

**Бас редактордың орынбасары** – Ильмира Рафкат

**Тілшілер:** Татьяна Казанцева, Гүлжамила Заирова, Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы, Аслан Есен, Әсем Сағидолла, Дмитрий Николаев, Мирэль Шарипова

**Ағылшын тіліне аударған:** Марийка Кудайназарова

**Дизайнер:** Раушан Танабаева

**Фотограф:** Болат Байсеитов, Ерсайын Болат

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

1992 жылдың 4 маусымында ең алғаш рет тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері белгіленген болатын. Сол себептен мемлекет халқы жыл сайын мемлекеттік рәміздер күнін тойлап келеді. Тарихи күн ретінде саналатын рәміздер мерекесін ел тәуелсіздігімен қатар байланыстыратынымыз да сондықтан.

*Мемлекеттің символына айналған рәміздер мемлекеттіліктің негіздерін бекіте алады және мемлекеттік негіздеріміздің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне арналған Астана қаласының әкімдігі жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның мерекелік отырысында бұл жағдай кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, «Мемлекеттік рәміздер туралы» заңнаманы түсіндіру мен насихаттау жолдары да түсіндірілді. Аталмыш отырысты Астана қаласы әкімінің орынбасары Аида Ғалымқызы Балаева жүргізіп отырды. «Атамекен» Қазақстан Картасы» этно-мемориалдық кешенінде өткізілген отырысқа комиссия мүшелері, мемлекеттік мекемелердің жауапты тұлғалары, тарихшылар, қала әкімшілігі аппаратының белді қызметкерлері мен қоғамымыздың белсенді азаматтары қатысты.*

*«Елтаңбаның тарихи маңызы» атты баяндамсымен сөз алған Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков былай деді:*

*– Елтаңба әрбір бес жыл сайын өзгертілуі керек. Сол себептен қазір оны дайындап шығарып, мемлекеттік деңгейде бекітілді. Жаңа стандарттарды қолдануды негізге ала отырып, әрбір детальдың орындалу тәсілі компьютерлік және 3D көлемдік жүйесі барлардың қолдануы нысанаға алынды.*

*Болашақта мемлекеттік рәміздер туралы заңнаманы түсіндіру және елімізде насихаттау жолдары осылайша отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің бірауыздан елімізде әсіресе жастар арасында насихаттау керектігі қабылданды.*

# ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В конференц-зале Этно-мемориального комплекса «Карта Казахстана «Атамекен» накануне Дня Государственных символов Республики Казахстан состоялось праздничное заседание Комиссии по Государственным символам под председательством заместителя акима г. Астаны Аиды Балаевой.



Заместитель акима города Астаны  
**Аида Балаева**

*В работе столичного заседания приняли участие члены Комиссии, ответственные лица государственных учреждений, расположенных в столице, почетные гости, представители республиканских и городских СМИ.*

*Целью заседания стало разъяснение законодательства о государственных символах и пропаганда символики Республики Казахстан среди населения.*

*С докладом «Елтаңбаның тарих имаңызы» выступил автор Государственного Герба Республики Казахстан Жандарбек Малибеков. Заместитель директора Института истории государства Министерства образования и науки А.Н.Кашикмбаев рассказал о применении Государственных символов РК. О применении Флага Республики Казахстан на церемониальных мероприятиях подробно информировал начальник отдела по церемониальным мероприятиям Службы государственной охраны РК Бауыржан Танатаров. В своем выступлении начальник отдела экспертизы Управления технического нормирования РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Евгений Цхай осветил тему «Национальный стандарт СТ РК 2014 «Государственный Герб РК. Технические условия». О работе, ведущейся по пропаганде Государственных символов Республики Казахстан в молодежной среде рассказал руководитель Управления по вопросам молодежной политики г. Астаны Талгат Рахманберди.*

*Подводя итоги заседания, заместитель акима г. Астаны Аида Балаева отметила факт утверждения нового стандарта Государственных символов Республики Казахстан. Председатель заседания представила также обращение, составленное в республиканскую Комиссию по Государственным символам Республики Казахстан.*

*Участники праздничного заседания совершили экскурсию по Этно-мемориальному комплексу «Карта Казахстана «Атамекен», работающему в новом сезоне под девизом «Мәңгілік елге саяхат».*

**Ильмира РАФКАТ**



## STATE SYMBOLS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In a conference room of the Ethno-memorial complex «Map of Kazakhstan «Atameken» on the eve of Day of the State symbols of the Republic of Kazakhstan festive meeting of the Commission on the state symbols took place with the chairmanship of Akim's deputy of Astana Aida Balayeva.



*The members of the commission, responsible persons of the public institutions located in the capital, special guests, representatives of republican and city mass media took part in a meeting.*

*The meeting purpose is explanation of the legislation of state symbols and their promotion among population.*

*The report «Historical importance of emblem «was made by the author of the State Emblem of the Republic of Kazakhstan Zhandarbek Malibekov. The deputy director of History State Institute of the Ministry of Education and Science A.N.Kashkimbayev told about application of the State symbols of RK. The head of ceremonial actions department of the State protection service of RK Bauyrzhan Tanatarov informed in details, about application of the Flag of the Republic of Kazakhstan on ceremonial actions. The head of department of examination of Management of technical rationing of «Kazakhstan Institute of Standardization and Certification» Evgeny Tskhay covered «National standard 2014» State Emblem. Specifications». The chief of the department of youth policy in Astana Talgat Rakhmanberdi told about the work which is conducting on promotion of the state symbols of the Republic of Kazakhstan in the youth environment.*

*Summing up the meeting results, Akim's deputy of Astana Aida Balayeva noted the fact of approval the new standard of the state symbols of the Republic of Kazakhstan. The chairman of meeting submitted the address made in the republican Commission on the State symbols of the Republic of Kazakhstan.*

*Participants of festive meeting made excursion in Ethno – memorial complex «Map of Kazakhstan «Atameken», which workes in a new season by the motto «Mangilik Elge Sayakhat».*

Mariika KUDAINAZAROVA

# Праздник будет ярким

*Попасть на многие праздничные мероприятия по случаю Дня столицы можно бесплатно.*

*Этой приятной новостью для астанчан и гостей столицы поделился начальник Управления культуры Астаны Болат Мажагулов.*

Как рассказал руководитель управления, ко Дню столицы в течение трех дней (с 5 по 7 июля) в городе будет проведено семь десятков самых разных мероприятий. И все они будут очень интересными и увлекательными. Так что, традиционно праздник обещает быть насыщенным до предела культурными и развлекательными мероприятиями и окрашенным яркими позитивными эмоциями тех, кто примет в нем участие.

И, что приятно, в этом году львиную долю из 70 мероприятий организаторы решили провести прямо на открытом воздухе.

- Мы делаем акцент на уличные мероприятия, то есть в каждом парке будет развернуты праздничные мероприятия, которые будут проходить все три дня, - поделился хорошей новостью Болат Мажагулов.

Также он сообщил, что в подготовке праздника – Дня столицы будут задействованы более 20 тысяч человек.

Что касается финансовой стороны его проведения, то, как пояснил Болат Мажагулов, в году нынешнем на эти цели выделено 700 миллионов тенге бюджетных средств.

Он также сделал акцент на том, что многие мероприятия и праздничные события, которые будут посвящены Дню столицы, будут самокупаемыми.

- Мы переводим мероприятия на самокупаемость. То есть на мероприятия, которые являются коммерческими и очень интересными для жителей и гостей столицы, мы предоставляем бесплатные площадки, концертные залы без арендной платы для артистов, - сказал руководитель управления культуры.

И привел пример. Так, с его слов, группе «А-студия» организаторы предоставят зал и наружную рекламу.

- А далее концерт работает сам на себя, то есть идет самокупаемость мероприятия. Эту практику мы введем повсеместно. Это должно оптимизировать расходы городского бюджета, - дал пояснения глава столичного Управления культуры.

Плюс к этому Болат Мажагулов рассказал, чем это праздник будет отличаться от его проведения в предыдущие годы.

- В этом году мы не только расширяем географию праздничной активности, но и обеспечиваем максимальный охват



Начальник Управления культуры города Астаны  
**Болат Мажагулов**

праздничными мероприятиями, которые начинаются задолго до официального старта, - сказал руководитель управления и при этом добавил, что они стартуют 20 июня. И с нарастающей активностью продлятся до 4 июля. Далее непосредственно праздничные дни – 5, 6, 7 июля – будут насыщены основными духовно-культурными, спортивными и развлекательными мероприятиями, - делится подробностями глава управления культуры.

И еще важный момент, который уже стал доброй традицией. По данным Мажагулова, ежегодно все средства, собранные с продажи билетов на мероприятия по празднованию Дня столицы, направляются на лечение детей-инвалидов.

А теперь о том, кто нас порадует своим талантом.

- На концерте в честь Дня столицы выступают звезды мирового оперного искусства и эстрадного жанра. Если вы хотите услышать информацию о хедлайнерах, то из оперных исполнителей будут Анна Нетребко, Театр Ла Скала, а из эстрадных – Акон, Blue, Полина Гагарина и Лариса Долина. Конечно, приоритет будут иметь наши, отечественные исполнители. Для более взрослых гостей будет организован концерт в стиле «ретро». В нем примут участие такие исполнители, как «Дос-Мукасан», Роза Рымбаева, Юрий Антонов, - проинформировал Мажагулов.

И, конечно же, необходимо отметить, что подготовка к празднованию 16-го дня рождения Астаны, которая стартовала еще в апреле, не ограничивается одними выступлениями звезд и развлекательными мероприятиями.

Все это должно быть гармонично дополнено чистотой и благоустройством самой столицы, чтобы к своему совершеннолетию она предстала яркой, обновленной и прекрасной.

И для этого также пришлось немало потрудиться. И эта работа ведется до сих пор.

Также в Астане прошел целый ряд социальных мероприятий в рамках акции «Во благо столицы», приуроченной ко Дню города.

Татьяна КАЗАНЦЕВА



## РӘМІЗДЕР – МЕМЛЕКЕТ СИМВОЛЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай елордада одан әрі қарай жалғасын тауып, «Менің Қазақстаным! Менің Астанам!» атты кең көлемді мерекелік шара өткізілді.

**Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны —  
Еліме қарашы!**



басшысы Талгат Рахманберді бұл шараға өзінің ойын білдірген болатын. Жастарды патриоттыққа баулуда бұндай шаралардың көптеп болуын қажет екенін өз сөзінде жеткізді.

«Жастарымыздың бойында елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру үшін қоғамның әрбір азаматтарына мемлекеттік рәміздер жайлы насихаттау қажет. Сол себептен, әрбір қазақстандықтардың үйінде мемлекеттік рәміздердің ілініп тұруы тиіс. Осы бағытта біз насихаттау жолдарын қарастырып, мерекелік акцияны өткізіп жатырмыз. Жыл сайын өтетін осындай шаралар жастардың отансүйгіштік рухын асқақтататыны сөзсіз», – дейді Талгат Абайұлы.

Бұл жолғы акцияға да еліміздің жастары қолдарындағы туларын желбіретіп, акцияның соңына дейін қатысып, кетерлерінде бойларындағы мақтаныш сезімдерімен келгенін байқадық. Спорт кешенінде өнер жұлдыздары әннен шашу шашып, би биледі. Аталмыш іс-шараға төрт мыңға жуық көрермен қатысып, тіпті тікелей эфирден де көрсетілді.

Желбіреген көк ту мен елтаңба, рухты әнұранымыздың мерекесіне арнайы ұйымдастырылған іс-шараның соңы патриоттық әндер фестиваліне ұласты.

Халқымыздың сүйікті әншілері Маржан Арапбаева, Гүлнұр Оразымбетова, «Бәйтерек» тобы, «Ақселеу» дуэті, «Арлан» тобы мен «Z», триосының және т.б. өнерін тамашалады.

Дәл осы өлең жолдарында шырқалатын салтанатты ән әрбір қазақхалқы үшін ерекше. Олай дейтін себебіміз, оның сөзі де, музыкасы да адам рухын көтеріп, ойыңды марқайта кететіні бар. «Дәулет» ұлттық теннис орталығында өткізілген акцияда ең алдымен әнұран шырқалған болатын. Ал, біздің түсінігімізде әрбір мемлекеттің әнұраны, туы және елтаңбасы патриоттық рух сезімін мектеп қабырғасынан бастап оятуды барынша қолға ала бастағаны рас.

Рәміздер – мемлекеттің символы, елдігіміздің көрінісі. Олай болса, насихаттау жауапкершілігі жастардың мойнына жүктелмек. Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының







# Астана Жұлдызы

*2014 жылдың 3 шілдесінде Астана қаласы «Бейбітшілік және Келісім» сарайында отандық тұңғыш Кәсіби музыкалық бәйге «Астана Жұлдызы. Ұлттық музыка бәйгесі» екінші мәрте өтеді.*

*Осы шараға орай 11 маусымда баспасөз мәслихаты болып өтті. Баспасөз мәслихатына Астана қаласы әкімдігі Мәдениет Басқармасының Басшысы Болат Мажағұлов, «Adam Media Group» компаниясының директоры Динара Адам, жобаның музыкалық продюсері Бағым Мұхитденова және «МузАрт» тобының әншісі Мейрамбек Беспаев қатысты.*



*Естеріңізге сала кетейік, Астана қаласы әкімдігі музыкалық бәйгені алғаш рет Астана күнінің 15-жылдығына орай ұйымдастырған болатын. «Астана жұлдызы» жобасының бастамашылары кәсіби музыканттар арасында резонанс тудырған бәйгенің отандық музыка өндірісіне тигізер әсерін ескере отырып, шараны әр жылда өткізуге бел бұған екен. Алғашқы қадамнан-ақ «Астана Жұлдызы. Ұлттық музыка бәйгесі» Қазақстан музыка өндірісіндегі ең беделді, шоу-бизнесітегі ең жарқын жобаға айналды. Былтырғы жылы бәйгенің лауреаты атанған Қазақстанның танымал әртістері: Роза Рымбаева, «МузАрт», «Ұлытау», «Musicola», «KeshYou», Маржан Арапбаева, сонымен қатар, дарынды жастар: Әли Оқапов, ағайынды Задарновскийлер.*

*«Астана Жұлдызы. Ұлттық музыка бәйгесі» әлемдегі ең танымал музыкалық бәйгелер ережесіне сай жүзеге асады. Жобаның басты ерекшелігі — жүлдегерлерді таңдаудағы кәсібилік. Отандық музыканың дамуына, жаңарып, жаңғыруына әсер еткен үздік өнерпаздарды құрамында 100 кәсіби маман — еңбегі сіңген әртістер, продюсерлер, композиторлар, ақындар, музыка және fashion-өндіріс мамандары, БАҚ өкілдері бар Қазақстанның Музыкалық Академиясы таңдайды. Дауыс берудің осы жүйесі әлемдік деңгейде қолданылып жүр.*

*Үздіктерді анықтау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде кәсіби мамандар 11 аталым бойынша 3 үміткерді лайық деп таниды. Екінші кезең, яғни, мәреге сарапшылар әр аталымнан ең мықтыны таңдайды. 11 аталым жеңімпаздарының есімдері ресми марапаттау рәсімінде 2014 жылдың 3 шілдесінде белгілі болады. Бұл күні Астанадағы «Бейбітшілік пен Келісім» сарайы алдында, қызыл кілем үстімен жанкүйерлердің қолдауына лайықты отандық ең үздік танымал жандар мен өнер адамдары жүріп өтеді.*

Гүлжәмила СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ



# Қадірлі оқырман қауым!



Сарыарқа төсінде сылаң қаққан сұлу да әсем қала Астананың туған күні де жақындап қалыпты. Әлемге нұрын шашқан қаланың келбеті күн өткен сайын арайланып, жауһардай жарқырауда. Бәрінен де қымбат тәуелсіздігіміз үшін тәңірге тәуба айтып, шарықтап, қарыштап, шалқыған еліміздің амандығына шүкірлік етіп жүрген жайымыз бар емес пе. Десек те, «бәрінен де ар құнды» деген екен бір ақын. Найзағайлы намысы бар қазақтың туа біткен қасиеті Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, елінің амандығы үшін көрініс тапса керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғандықтан біз ойға алға мақсатымызды әрдайым жүзеге асырып келеміз. Қанша жерден арманымыз орындалмайтын биік, жеткізбейтін сағымдай елестегенімен шырайлы шаһар Астана салынбас еді-ау. Жыл сайынғы әдетімізбен елорданың туған күнін салтанатты түрде тойлап келеміз.

Маусым айының ішіндегі тағы бір қуанышты хабарлардың бірі ретінде Журналистер мерекесі тойланғалы отыр. Қаламы қарымды тілшілер қауымы үшін бұл кәсіби мереке де жыл сайын тойлау дәстүрге айналды. Шабыттың шыңына жетіп, ақпарат майданында шалыс кетпей, көздеген мақсаттарына әркез жетуге асық. Айшылық алыс жерлерден қас қағым сәтте дүбірге толы дүниенің төрт бұрышынан хабар алу журналистер үшін тосын жағдай емес.

Сол себептен, тәуелсіздігімізді ту еткен әріптестеріме берер жаңалықтары жағымды болып, қаламдарынан қасиет кетпесін дегім келеді.

Сонымен қатар, елорда қонақтары мен тұрғындарын алда келе жатқан Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Қазақтың мерейі мен мәртебесіне айналған Астана гүлдене берсін!

Құрметпен,  
Әсем САФИҚЫЗЫ

## ЖАНДАРБЕК МӘЛІБЕКҰЛЫ: «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» ӘНІН ЖИІ ТЫҢДАЙТЫНЫМЫН

Елімізге белгілі сәулетші, ҚР Елтаңбасы авторларының бірі Жандарбек Мәлібекұлы Жандарбеков қырқыншы жылдардың басында дүниеге келген. Өзбекстанның еңбек сіңірген сәулетшісі 1964 жылы Ташкент политехникалық институтының сәулет факультетін бітірген. Жандарбек Мәлібекұлы еліміздің мәдени дамуы, патриоттық тәрбие тұрғысында ізгілікті адамзаттық құндылықтарға, рухани дәстүрлерге, азаматтық парызды орындау мақсатында көп жылдардан бері еңбек етіп келеді. Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін символына айналу керек дейді ол.

Жандарбек Мәлібекұлы Мәлібеков мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында журналымызға сұхбат берген болатын. Енді соны назарларыңызға ұсынбақпыз.



ҚР Елтаңбасының авторы  
Жандарбек Мәлібекұлы

– *Жандарбек Мәлібекұлы, елтаңба жасау үшін еліміздің тарихын, дәстүрін зерттеу үшін бір айдай уақыт кетіргеніңіз баршамызға мәлім. Жат жерде жүріп шығарған дүниеңіз жайында қысқаша баяндап берсеңіз.*

– Дұрыс айтасың. Елтаңба жасау үшін көп ойланып, толғануға тура келді. Елімнің мәдениетін терең зерттеп, бір кісідей білуге тырыстым. Ойлай келе, елтаңбаны киіз үймен байланыстыруды жөн көрдім. Сақ дәуірінен кейінгі киіз үйдің тарихы 3000 жылды құрап отыр ғой. Бүкіл әлем мойындап, мемлекеттіліктің ерекше маңызды нышанына айналдыру үшін елтаңба жасауға кірісіп кеттім. Қазақ елінің тәуелсіздік алып, өз алдына отау тікті деген мәселе тұрды. Менің түсінігім бойынша, егемендігін алған мемлекеттің өз отауы болу керек. Сол себептен, «Шаңырағың биік, керегең кең, босаған

берік болсын» деген киелі ұғыммен байланыстырдым.

«Алтын адамда» жануарлардың бейнесі болғандықтан, сол жануарларды мен қанатты тұлпар қылып алдым. Содан кейін мүйізді жылқының басына кигізіп, төбесіне жеті сақина қойылды. Қазақ жұрты мүйізді қасиетті деп есептегендіктен, бұрыннан төрге іліп қоятын болған. Сондықтан аттың басына мүйізді кигізу арқылы жаңа құрылған отанымызға көз тимесін деген ой болатын. Жоғарғы үш үлкен қанатты үш жүздің халқы деген мағына берсе, ал, астындағы үш кішкентай қанат сол үш жүзден тараған қазіргі ұрпақтар екенін білдіреді. Жоғарғы үш қанаттың ортасындағы қиықтар елімізде өмір сүріп жатқан қандастарымыз болса, уықтар отанымыздағы басқа ұлыстардың бар екенін дәлелдейді. Жоғарғы үш қанаттың алдындағы омыртқа секілді белгі адамның денесіндегі омыртқаны бейнелеп тұр. Үш жүзді қауырсындарымен омыртқаға байлап, ерге отырғызғанда, қанат сияқты көрініс беріп, тұлпар пыраққа айналып кетті.

– *Еліміздің егемендігін наш ететін елтаңба жасаудың себебін немен түсіндірер едіңіз? Мемлекеттік рәміздердің насихатталуы сізді қалай толғандыруда?*

– Шет елде өмір сүріп жатқанымда «Менің Қазақстаным» әнін жиі тыңдайтынмын. Осы ән арқылы еліме, жұртыма деген сағынышым күн өткен сайын арта берді. Қазақ деген киелі халықтың ұлы екеніме мақтан тұтып, азамат ретінде өзімнің үлесімді қосуға бел будым. Осылайша елтаңба жасап, оның авторы атандым. Әр ұлттың азаматы елінің патриоты екенін дәлелдегені дұрыс деген шешіммен өмір сүргені абзал.

Жыл сайын 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күнін тойлап келеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік рәміздердің тарихи маңызын түсіндірудің қажеті жоқ деп ойлар, бәлкім. Қаншама ғасыр аңсаған тәуелсіздігіміздің арқасында мемлекеттік символдарымызды қабылдауға кол жеткіздік. Енді оны қадірлей, қастерлей білуіміз керек.

Жиырма жылдан астам уақыттан бері ту, елтаңба және әнұрандарымыз қабылданып, біршама шаруалар атқарылды деп ойлаймын. Менің түсінігімде, бұрынғы кезенді елестететін тастардағы таңбалар, тайпалық ру кездерімізді бейнелейтін халдерімізге ұқсап кетпегеніміз жөн. Кейін елтаңбада рулық тайпаны суреттейтін бейнелер бар деген ой туындамауы тиіс. Осындай ұғым қалыптаспас үшін жалпыға ортақ тарихи маңызы бар елтаңбаны тағы да «шаңырағың биік, керегең кең, босаған берік болсын» деген ұғыммен тағы да байланыстырып айтқым келіп отыр. Қазақ халқының жаңадан отау тігіп, өз алдына шаңырақ көтергеннің

белгісі бұл. Мыңдаған жылдардан бері қалыптасып келді. Ал, сол киіз үйді сақтап қалу мақсатында қазақ халқы жануарлар дүниесін динамикалық тұрғыда теңестіріп отырды. Қазіргі кезде рухани мұрамыздың байып, тәуелсіздігімізді сақтайтын құндылықтарымыздың бірі осы мемлекеттік рәміздеріміз деп ойлаймын. Рәміздерге деген көзқарас әлі де болса насихатталуын қажет етеді.

Қаншама ел мәңгілік жасаса да, елдігін көрсету үшін рәміздерімен мақтана алады. Елтаңба әрбір бес жыл сайын өзгертілуі үшін мемлекеттік деңгейде бекітілді. Жаңа стандарттарды қолдануды негізге ала отырып, әрбір детальдың орындалу тәсілі компьютерлік және 3Д көлемдік жүйесі тарихи маңызына қарай бағаланбақ. Елтаңба мекеменің ішіне немесе сыртына іліп қоятын дүние емес қой. Қазақ халқы салт-дәстүрін, көшпелі өмірін киіз үймен салыстырған болатын. Киіз үй – теңдесі жоқ ұғым. Сол киіз үйі арқылы дала мәдениетін жаратты. Тәуелсіз ел екендігі сол елтаңбада көрсетілген. Елтаңбаның қандай мағына беретінін ұрпаққа насихаттау керек.


– *Ұрпаққа тәрбиесінің мәнін биік ұстау жолында рәміздердің тәрбиеге тікелей қатысы да бар зой...*

мемлекеттік рәміздерімізді айтар едім. Еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру – қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі. Ал, болашақ ұрпағымызды тәрбиелейтін мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына тәрбие беру негізінде қол жеткізеді.

Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрін бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қажет. Мемлекеттік символға айналған рәміздердің

тәрбиеге үлкен әсері бар. Жас ұрпақ ұлттық сана-сезімі оянған, мәдениетті, парасатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуде мемлекеттік рәміздерімізбен мақтануға тиісті.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**



Сұхбаттасқан  
Әсем САҒИДОЛЛА

# ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ КӨРІНІСІ



*«Еуразия» гуманитарлық ғылыми-зерттеу орталығының директоры  
Зиябек Ермұханұлы*

Астана қаласында орналасқан «Еуразия» гуманитарлық ғылыми-зерттеулер орталығы «Еуразияшылдық: идеяның бастаулары және қазіргі жағдайы» және «Еуразияның білім беру кеңістігі» мәселелеріне зерттеу жүргізетін топтардан құралды. Ал орталықтың құрылуына және дамуына филология ғылымдарының докторлары, профессорлар, мемлекеттік сыйлықтың иегерлері үлес қосып келді. Орталықтың мақсаты – Еуразияшылдықтың теориясы мен тәжірибесін зерттей отырып, түрік халықтарының тарихы мен мәдениеті жайында ақпарат таратады. Сонымен қатар, Еуразия, Орталық Азия және Қазақстанның көшпелі халықтарының әскери қызметінің тарихы, еуразияшылдық тақырыбының өзекті мәселелерімен бірге, Еуразия

кеңістігінде әлеуметтік-гуманитарлық үрдістерді зерттеумен және оның нәтижелерін қарастырумен айналысады.

Орталықтың қазіргі жасап жатқан жұмыстарымен кеңінен танысу мақсатында біз орталық директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Ермұханұлы Кабудиновпен жолығып сұхбат құрған болатынбыз.

.....

*– Зиябек Ермұханұлы, сіз «Еуразия» гуманитарлық ғылыми-зерттеу орталығының директорысыз. Аталмыш орталықтың құрылуына себеп не? Сондай-ақ, қазір орталықта қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Ғылыми-қызметтік бағыты мен зерттеу нәтижелері не беріп отыр?*

– «Еуразия» гуманитарлық ғылыми-зерттеу орталығы 1996 жылы ашылған ЕҰУ-нің құрылу тарихымен байланысты. Еуразия идеясы – мемлекет пен халықтардың достық қарым-қатынастарын қалыптастыратын идея болып табылады. Ал осы идеяның негізінде ықпалдастық пен қолдау жасау қажеттілігі туындап отыр. Еуразия Ұлттық университетінің жанынан құрылғандықтан жыл сайын ғылыми форумдар өткізіліп, орталық қызметкерлерінің қатысуымен «Еуразия зерттеулері» кафедрасы ашылды. Кафедра және орталықтың ғалымдарының арқасында халықаралық деңгейде жұмыс жасап келеді. Оқу ғимаратындағы кабинет-мұражайында студенттерге арнайы еуразия кеңістігі және еуразияшылдар туралы

белгілі ғалымдар өз дәрістерін оқиды. Осындай игі бастамалардың негізінде 2009 жылы «Ұлы қағанат», 2011 жылы әдебиет зерттеушісі, ғалым Ақселеу Сейдімбекке арналған «Естеліктер» кітаптары мен «Қазақстан тарихы» және «Этнология» оқу құралдары жарыққа шықты.

Жыл сайын Л.Н.Гумилевтың туған күніне арналған ғылыми және халықаралық форумдар өткізіліп тұрады. Еуразиялық идеяларға байланысты саяси-экономикалық, ғылым мен білім саласындағы мәселелер көтеріліп тұрады. Еуразиялық идеяларды дамытуға қатысты «Вопросы Евразии», «Гумилев әлемі» атты кітаптар мен энциклопедиялар шығарылып тұрады. Әйгілі тарихшы-этнологымыздың айтқан мынадай жорамалы бар: «Кеңес Одағы құрамына көптеген халықтарды ұстау мүмкін емес. Ең жақсысы біздің бөлек, тату-тәтті тұрғанымыз абзал». Кеңес Одағының мәңгілік емес екенін сол кезде-ақ. Лев Николаевич Гумилевтың тағы бір теориясында әр ұлттың өзінің туы бар, туына жетуі бар және құлдырауы бар жөнінде айтып кеткен болатын.

Қазақстан бойынша шетел ғалымдары мен профессорларымен жұмыс жасау Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Астанадағы Еуразия Ұлттық университетіне рұқсат етілген. «Еуразиялық» ғылыми-зерттеу орталығында еуразиялық зерттеулер кафедрасы да ашылған болатын. Түрік академиясымен бірлесіп жыл сайын монографиялар шығару да көзделген.

*– Демек, біздің түсінігімізше бұл еуразиялық зерттеулер, жаңаша бастамалар мемлекетіміздің болашағын үйлестіруге, тарихымызды білуге мақсат қойып отыр ғой. Олай болса, мәдени және өрениеттілік факторларға қалай әсерін тигізбек?*


эркез ерекше болып, шежіре арқылы танып, білімге, зерттеуге насихаттауға тиістіміз.

Ал, шежіре ерекше өнер болғандықтан жоғары бағаланатындығы белгілі. Оған қоса тірі тарих. Шежірені таратып беретін карттармен сырласып, шежіренің қыр-сырын біліп алғанымыз өзімізге де жақсы. Солармен бірге шежірешілік өнері де өтіп бара жатыр. Шежіре халықтың шығу тегін, жүріп өткен жолын, аса маңызды тарихи оқиғаларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын көне замандардан қалыптасқан жолы. Міне, біз сөз етіп отырған зерттеулер мен бастамалар осындай ғана қарапайым мысалдан басталуы керек. Өркениет мәдениеттің болашаққа бой сермеуінен хабардар берсе, мәдени және өркениеттілік факторларға біздің орталықтың зерттеулері мен жаңаша идеялары өркениеттік теориясын жасау жолындағы аса маңызды мәселелердің бірі десек қате айтқандай болмаспыз. Өркениетті тәсілдердің негізінде адамзат мәселелерінің жалпы әлемдік сипат алуы, өзара байланыстар мен жалпы адамзаттық игіліктердің ұлттық мүдделерден артықшылығын жете түсіну құбылысы жатыр. Мәдени және өркениетті факторлар материалдық және рухани дамудың бірлігін айқындаушы күш есебінде саналса, өркениеттілік жүйеде өзара әрекеттесуші және мән құраушы сипатына көрініс береді.

*– Сіз бір сөзіңізде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының ұлттық символымызға қосуға қатысты мәселе көтерген едіңіз. Бұндай қорытынды жасауыңызға не себеп?*

– Өңгіме былай болды. 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында өткізілген кезекті бір жиылысқа баяндамашы ретінде қатыстым. «Қазақстанның мемлекеттік рәміздері және әлемдік тәжірибе» тақырыбында баяндама оқыдым. Бұл тақырыпты таңдауымдағы себебім, «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесі жақындап келеді, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын қолдау, патриотизмді күшейтуде мемлекеттік рәміздерді насихаттау қажеттілігі туындайтыны анық. Осы арқылы мәселені шешетін бір жол – мемлекеттік рәміздерге қатысты заңды өзгертіп, әлемдік тәжірибелерде қолданылатын қажетті дүниелерді ескеру қажет деген ой тастадым. Мысалы, АҚШ-та қоғамның әрбір заматы өзінің тұратын үйіне, жұмыс мекемесінің кабинетіне мемлекетінің туын іліп қоя алады. Қазақстандық азаматтар жеке үйлеріне немесе оның қабырғаларына, маңдайшасына мемлекеттік туымызды іліп қойса, қандай жақсы. Еуропаның тағы бір қаласында мемлекеттік әнұранға деген құрмет соншалық тастан қашалған ескерткіш қойған. Түрік мемлекетінде апта басталғанда мектептерде туды көтерсе, аптаның соңында туды жерге түсіреді. Жапония мемлекетінде сабақ басталмас бұрын мемлекеттік әнұранды айтады. Ресейде мемлекеттік рәміздерге арналған мұражай бар. Ежелгі дәуірден бастап қазіргі күнге дейінгі тулар жөнінде ақпарат береді. Осы мәселелерге қарап, ой қорыта отырып, мемлекет президентін төртінші рәміз қылып алу керектігі жайында ұсыныс тастадым. Елбасының тәуелсіздігімізді алуға,

– Мемлекеттің болашағын көркейту жолында қарқынды жұмыс жасау аз. Оны үдете түскеніміз дұрыс. Себебі, еуразиялық зерттеулер мен жаңаша бастамалар ұлттық тарихтың келеңсіз тұстарын қайталамай, оң жақты пікірлерді насихаттай алады. Бұл үрдіс бізге ауадай қажет және отандастарымызды патриоттыққа баулу үшін міндетті түрде орындауға қауқарлымыз. Бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылу жоспарын алға қойдық. Өркез осындай үдемелі қарқынмен қозғалып, оң тәжірибелерді жүзеге асырғанда ғана межелі жоспарды орындай аламыз. Ұлттық тарихқа деген құрмет



елорданы тұрғызуға көптеген істерді атқарғаны мәлім. Ел президентін төртінші рәміздер қылып алуға қатысты ой тастаған болатынмын.

Егер президент мемлекеттік рәміздерге енетін болса, басқан әрбір қадамына, жауапкершілік жүгін алып жүруде басқаша көзқараспен қараған болар еді. Қандай президент болмасын өзінің қандай орынға бара жатқанын түсінер еді. «Менің қызметім – төртінші мемлекеттік рәміз» деген ұстаныммен жүрер еді. Елбасын бұл жерде насихаттау емес, өзіндік пікірімді ашық айту.

*– Мектеп оқушыларына арналған қазақ тарихы пәні оқулығындағы біраз кемшіліктер бар деген даулы мәселелер туындағанынан хабардарсыз. Осыған қатысты не айтар едіңіз?*

– Тәуелсіздік алған жылдары мектеп оқулықтарында, жоғарғы оқу орындарындағы оқулықты жазуда бізде соншалықты тәжірибе болған жоқ және тезірек жазу міндеті жүктелгендіктен шала жұмыс екені көрініп қалды. Мәселен, бір оқулықты жазуға Ресейде мыңнан аса адам қатысады. Мектеп оқулығын жазу үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Тек 2012 жылы шыққан кітаптарға біршама өзгерістер мен жаңалықтар енгізілді. Қазақ халқының өз денсаулықтарын күтіп,

қазақ халқының қалай көп өмір сүргені жөнінде мәліметтер келтірілді. Бөгенбай батырдың жоңғар шапқыншылығына қарсы мынадай айтқан сөзі бар: «Қашан ұлы қыпшақ даланың батырлары қорқып еді?» Осындай патриоттық рух беретін сөздерді оқулыққа енгізіп қойдым. Мектеп оқулықтарының сапасы жақсарып келеді.

Тәуелсіздік алған жылдарымыздан бері қарай отандық мектептерде ұлттық тарихты оқытуда біршама жақсы жетістіктерге қол жеткіздік. Алғашқы жылдары мектеп оқулықтарын жазудағы дәстүрдің жоқтығы мен авторлардың жетіспеушілігі кедергі болды. Сол себептен барлығын жаңадан бастап, тәжірибе жинақтауға кірістік. Мектеп оқулықтарында бір сарында қайталанбас үшін балаларымызды қызықтыру жағын міндетті түрде ескеру керек. Себебі, жоғарғы оқу орындарында отандық тарихты тағы да оқиды ғой. Осындай жүйеліліктерді құруда мұқият болу керек.

*– Сіздің ұғымыңызда тарихи-мәдени мұраны баға жетпес қазынамызға айналдырып, замануи үлгіде маңызын жоғалтпас үшін не істеген жөн? Тарихи-мәдени мұра байланысы жалпы адамзаттықтың мәнін аша алу мүмкін емес. Осыған қатысты не айтар едіңіз?*

– Көп жағдайларда менің өз ойым осы аталған мәселелер аясында жасалған жұмыстарға келісе алмаймын. Құнды деректер жинақталып, біраз кітаптар шығарылды. Менің ойымша, осы бағытта атқарылатын жұмыстар легі толастамас үшін елордамызға ғылыми-зерттеу институты қажет сияқты. Мен екі рет Армения мемлекетіне барып келдім. Сонда байқағаным, тарихи-мәдени мұраны зерттеу үшін ғалымдар тек бір жерде ғана отырады. Тарихи-мәдени мұраны зерттеу үшін халықтың танымдық тарихи қызметіне көңіл көбірек бөлінген дұрыс болар. Қазақстанның тарихи-мәдени

мұрасы жалпыадамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі. Сол себептен мәдени өмірге араласуға, мәдени мекемелер мен тарихи-мәдени мұраларды пайдалану керек-ақ.

«ЕХРО-2017» халықаралық көрмеге дайындалу үшін мұражай, мұрағат және зерттеу орындары қажет. Ең құнды дүниелерді іздегенде сол жерден табылатындай болғаны дұрыс. Жан-жақтан келген жандар өзіне керек мәліметтерін сол жерден таба алады. Ұлттық құндылықтарымызды алыстан да іздей берудің қажеті бола бермес. Біздің зерттелмеген тарих әлі де болса ауылдарда жатыр. Фольклор, шежіре, ертегілер мен кисса-дастандарды ауылдардан іздесек. Жазғы демалыста жүрген студенттеріміз ауылдарына барғанда осы бағытта қосымша жұмыс жасаулары үшін жалақыларын төлеген дұрыс. Ауылда жүрген шежірелі қарттармен жұмыс жасап, олардың айтқандарын жазып алса қазақтың шежірелері мен тарихынан бірталай нәрселерді жасай аламыз.

Отандық тарихты белсенді насихаттауда жастардың ұлттық тарихқа деген қызығушылығын оятып, ауқымды жоспар жүзеге асады.

*– Сұхбатыңызға рахмет!*

Сұхбаттасқан  
Әсем САФИҚЫЗЫ





## *Саратов облысының концерттік бағдарламасы*

*4 маусым ҚР-ның Мемлекеттік Рәміздер күніне орай Бейбітшілік және Келісім сарайында Ресей Федерациясының Саратов облысының Астана қаласындағы мәдени күндеріне орай шығармашылық ұжымдарының салтанатты концерттік бағдарламасы болып өтті.*



Салтанатты шараны Саратов облысы губернаторы В.В.Радаев ашып, өз сөзінде:

– Мәдени байланыс пен оны қолдау екі ел арасындағы ынтымақтастығы экономика мен саясат сынды үлкен артықшылыққа ие. Бұл игі іс-сапардың арқасында біршама шаруалардың, бизнестердің алға жылжуына екі жақты шешімдер мен келіссөздерге қол жеткіздік. Және де Астана қаласының сәулетіне таңданыса қарадық. Алдағы күндері өз жерімізде сіздердің де қонақ болып кеткендеріңізді күтеміз,-деп Астаналықтарға ыстық лебізін жеткізді.

Мәдени шара қонақтары Болгариядағы халықаралық фестивалінің Гран-при иегері, «Ресей дауысы» бүкілресейлік байқауының 1 сыйлығының лауреаты, «Колядки» ұлттық музыка ансамблы фольклорлық шығармашылығы Халықаралық және бүкілресейлік байқауы лауреатының өнерін тамашалау мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ, Саратов облысының О.Колчина, Н.Краснов, М.Журков сынды танымал әншілерінің орындауындағы опералық туындылардан сусындалып, «Калинка», «Саратов туралы ән», «Черный ворон» атты танымал әндері шырқалып өтті.

Мерекелік шара облыстың шығармашылық ұжымдарының жоғары кәсібилігін паш етіп қана қоймай, көрермендерге тамаша көңіл-күй сыйлады. Әсерлі шара соңында Бейбітшілік және Келісім сарайына келуші қонақтар Оксана Колчина, Михаил Журков, «Колядки» ұлттық музыка ансамблі мен барлық әртістердің орындауында «Саратов туралы ән» туындысын орындарынан тұрып тыңдады.

Көрерменнің ыстық лебізіне бөленген өнерпаздар Астаналықтарға ризашылықтарын білдіріп, қол бұлғап қоштасты.

Гүлжәмилә СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ



## *Течет река Волга*

***В рамках Дней культуры Саратовской области в Астане во Дворце мира и согласия 4 июня состоялась торжественная концертная программа.***

Перед концертом собравшихся приветствовали губернатор Саратовской области Валерий Радаев и заместитель акима г. Астаны Василий Крылов.

В своих выступлениях они отметили, что в ходе деловых встреч достигнуты договоренности о двухстороннем сотрудничестве в сферах экономики, политики, а также подчеркнули успехи в многолетних культурных связях.

В концертной программе участвовали ансамбль народной музыки «Колядки» под руководством Александра Краснова и ведущие солисты театров Саратовской области Оксана Колчина и Михаил Журков. Приглашенные гости стали свидетелями выступления обладателя Гран-при международного фестиваля в Болгарии, лауреата 1-ой премии Всероссийского конкурса «Голоса России», лауреата Международных и Всероссийских конкурсов фольклорного творчества – ансамбля «Колядки». Прозвучали знаменитые «старые песни о главном»: «Течет река Волга», «Травушка-муравушка», «Черный ворон», «Калинка», мелодия «Саратовские переборы», а так же арии из оперетт И. Кальмана «Сильва» и «Принцесса цирка». Зрители тепло приветствовали и юного исполнителя Никиту Краснова.

Концерт стал не только свидетельством высокого мастерства творческих коллективов области, но и великолепным зрелищем. Яркой финальной точкой стало массовое исполнение всеми артистами «Песни о Саратове» (автор Олега Газманов), которую все зрители, собравшиеся во Дворце Мира и Согласия, слушали стоя, сопровождая бурными продолжительными аплодисментами.

Ильмира РАФКАТ

## *The river Volga flows*

***The solemn concert program was to be held on June 4, in the Palace of Peace and Reconciliation within the framework of the Days of culture of Saratov region in Astana.***

Before a concert the governor of Saratov region Valery Radayev and Akim's deputy of Astana Vasily Krylov welcomed the citizens.

During business meetings they agreed to collaborate in spheres of economy and policy, and also emphasized achievements in long-term cultural connections.

The concert program includes folk music ensemble «Christmas carol» directed by Alexander Krasnov and leading soloists of theaters from Saratov region Oxana Kolchina and Mikhail Zhurkov. The invited guests became witnesses of performance the owner of Gran-pri of the international festival in Bulgaria, the 1st award winner of the Russian contest «Voices of Russia», the winner of International and Russian contests of folklore – “Christmas carol” ensemble. There were sounded old songs such as «River Volga flows», «Green grass», «A black raven», «Kalinka», a melody «Saratov searches» and arias from I. Kalman's operettas «Silva» and «The princess of circus». Young singer Nikita Krasnov performed own songs.

The concert became not only the certificate of great skills of creative collectives this region, but also a magnificent show. In the end of program all performed «Songs about Saratov» (by Oleg Gazmanov), accompanying a rough prolonged applause.

Mariika KUDAINAZAROVA



## Нағыз қазақ қазақ емес, Нағыз қазақ - ДОМБЫРА!

**Домбыра - қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады.**

Домбыра - қазақтың халық аспабы. Домбыра - қазақ халқының әрбір үйінде болуы міндетті және қажетті аспап болып есептелген. Бұл музыкалық аспаптың пайда болу тарихы ғасырлар қойнауына кетеді. Ежелгі Хорезм қаласының қазбаларынан археологтар екі шекті құралдарда ойнап тұрған музыкантардың терракотты бейнелерін тапқан. Ғалымдар бұның Хорезмдік аспаптардың бұдан екі мың жыл бұрын өмір сүрген көшпелі сақ тайпаларының музыкалық аспабы екенін белгіленген. Бұл ежелгі екі шекті аспаптардың қазақ домбырасымен ұқсастығы көп және оның прототипі болып табылады. Осылайша, археология арқылы домбыраның ерте кезде пайда болғандығы анықталды. Домбыраның екі түрі бар - батыстық және шығыстық. Бұл орындалу дәстүрінің екі түрлілігімен ерекшеленеді. Орындалуы тез, виртуозды төкпе күйлерді орындау үшін сол қол домбыра жалымен еркін жылжуы керек. Сондықтан, батыстық домбыра жалы жіңішке және ұзынша болып келеді. Шығыстық жуан және қысқа жалды домбыраларда мұндай техникалық әдіс қолданылмайды. Аспаптар көлемі мен қалыбының түрі дыбысталу күшіне әсер етеді: көлемі үлкен болса, дыбысталуы да сондай болады. Дыбысталу сипатына оң қол техникасының әсері бар: төкпе күйлерде дыбыс қол білезігін күшті сілкі арқылы екі ішекті қағумен алынса, шертпе күйлерде дыбыс жекелеген қол саусақтарымен шектерді шерту арқылы берілген. Осылайша домбыра

мен күйдің, олардың орындалуы арасында тығыз байланыс бар. Домбыра тек екі шекті ғана емес, үш шекті де болып келеді. Қазақтың қазақтығын көрсететін ол бірден-бір – домбыра болып табылады. Тіпті осы киелі аспаптың бағасын халықаралық дәрежедегі ғалымдар да ақын, жазушыларда айтып кеткен. Александр Ефимович Алекторов: Қолдан істелген екі ішекті домбырадан мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен еш уақытта сенбеген болар едім! Егер де мына қарапайым жаныңа тиетін әнді өз құлағыммен естімеген болсам, мен оның ызындаған жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім!

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Біздің қазақ әнқұмар халық. Біреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін қалмай қамалап, айтшы-айтшылап жанын жағасына келтіреді. Бара-бара не болса да сол әндегі рух сүйегіне сіңеді, құлағында қалады.

Міне, Сұлтанмахмұт Торайғыров айтып кеткендей қазақ домбырасын еш уақытта қолынан тастаған емес. Біреу әу десе екіншісі қосылып әлгуайға айналған. Соның дәлелі қазіргі таңда сәнге айналған Домбыра пати шарасы.

Домбыра Пати – өнерлі, домбырашы жастар ән салып, күй шертіп жиналған көпшілікке өнер көрсететін қозғалыс. Бұл жерде қазақтың қара өлеңін сағынып жүргендерге арналған ән-күй тегін. Ашық аспан астында өткізілетін шара болғандықтан тек жаңбыр жауып кетпесе болғаны, әр аптаның белгіленген күнін де өткізіліп отырады. Шартты түрде «Домбыра пати» атауын алған іс-шараның басты мақсаты — домбыраны, қазақ өнерін насихаттау. Ұмытыла бастаған игі дәстүрді қайтадан сәнге айналдыру.

Домбыра тарту – 2012 жылдың жазында Астанадан бастау алған. Оны бір топ өнерлі әрі белсенді, блогшы жастар бастамасымен бастау алған. Кейіннен еліміздің барлық қалаларындағы жастардан қолдау тауып ұдайы өткізіліп

келеді. Домбыра пати — қазақтың ұлттық аспаптарын, соның ішінде жалпы халықтық саз құралы ретінде домбыраны, ұлттық музыканы, ұмытыла бастаған игі дәстүрлерді қайтадан сәнге айналдыру және жалпы қазақшылықты насихаттау мақсатында туындаған флеш-моб форматындағы қозғалыс.

Аптаның белгіленген бір күнінде бұқара көп шоғырланатын қаланың қоғамдық орындарында open-air, яғни ашық аспан астында ұйымдастырылады. Шарада домбырада күйлер



тартылады немесе аспап сүйемелдеуімен әндер шырқалады. Қозғалыстың ерекшеліктерінің бірі - аспаптарда тек өнер шеберлері немесе арнайы оқу бітірген мамандар ғана емес, сонымен қатар кез-келген адам ойнай алардай дәрежеге жеткізуге үлес қосу. Қозғалыстың саяси астары жоқ. Шараға тек домбырашылар ғана емес, сонымен қатар өзге ұлттық аспаптарда ойнай алатын өнерпаздар және тыңдармен-көрермендер қатыса алады. Шара жайлы, қатысушыларды шақыру



әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асады.

Шаралар тізбегі Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Шымкент, Қызылжар, Жаңаөзен, Орал сияқты Қазақстанның ірі қалаларында, Моңғолиядағы қазақ диаспорасы көп шоғырланған Баян-Өлгей аймағында (2012 жылдың 15 тамызынан бастап), сонымен қатар Ыстамбұл, Лондон сияқты әлем метрополияларында өткізіліп келеді. Ресми басталған күні – 2012 жылдың 16 тамызы. Сол күні Астана қаласының бір топ жастары, атап айтқанда Аршат Оразов, Алдан Жылгелді, Нұрғиса Асылбеков, Маралбек Сағынғанов, Жанасыл Болатбек, Данияр Алан, Алмас Алтай және Нұрберген Мақым атты сегіз жігіттің бастауымен дүниеге келген бірегей жоба.

Маралбек Сағынғанов: – Бұл істің мақсаты ұлттық аспапты, ұлттық музыканы насихаттау. Party-дің арқасында домбыраны кез-келген адам ойнай алатынын дәлелдеп, кез-келген адамның үйренуге деген талпынысын ояту. Домбыра Party-дің ешқандай саяси астары жоқ. Тек өнер. Шараға тек домбырашылар қатысады деген сөз емес. Өзге ұлттық аспаптарда ойнай алатын өнерпаздарға да есік ашық.

Көктемнің шуақты күндері мен жаздың жайдарлы күнінде өтетін бұл іс-шараның бастамасы жаман емес. Себебі Астанадағы Нұрсая алаңына әр бейсенбі сайын жиналатын адам қарасы әжептеуір көп. Әуелеген ән, күмбірлеген күй әсем де кербез үндерімен елорданың шырайын келтіріп, қонақтарды ерекше әсерге бөлеуде.

**Гүлжәмила ЗАЙЫРОВА**



# СЕМЕЙДЕН ТАБЫЛҒАН САУЫТ

Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күренді мінер ме екеміз?!  
Күдеріден бау тағып,  
Ақ кіреуке киер ме екеміз?!  
Жағасы алтын, жеңі жез,  
Шығыршығы торғай көз  
Сауыт киер ме екеміз?!  
Ор қояндай жүгінтіп,  
Аш күзендей бүгілтіп,  
Жолбарыстай шұбарды  
Тандап мінер ме екеміз? – деп  
жырлаған Ақтамберді жыраудың  
сауыты Семейден табылды.

Журналистік қызығушылығымыз оянған біз сауыттың жай-күйін білмек болып Семейдегі облыстық тарихи-өлкетану мұражайына хабарласқан болатынбыз. Мұражай директоры Теміров Бекен Нұғыманұлының бізге берген мәліметі төмендегідей болды.

«Қызметкерлері музей филиалын ашу мақсатында 2013 жылдың желтоқсан айында Аягөз қаласында

*Семей облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорында ондаған жылдар бойы тот басып, белгісіз болып келген сауыт сақталған. Сауыттың салмағы 10 келіге жуық, біркелкі шығыршалардан тоқылған. Кеуде тұсындағы, етегіндегі және жеңдеріндегі шығыршалардың сырты 1,2 см-ге жетсе, ал ішкі аумағы 0,9 см. Шығырлар жалпы беріктігіне қарамастан қатты күш түссе қақырап айрылып кететін.*



іс-сапармен бірнеше рет болып, жәдігерлерді жинастыру мақсатында және жергілікті тұрғындармен, қарт адамдармен кездесулер өткізген еді. Сондай бір кездесуде келген адамдардың бірі «Сіздердің музейде Ақтамберді жыраудың сауыты бар деседі. Бұған не айтасыздар?» – деп сұрақ қойды. «Ондай дерек музейде жоқ», – деген жауап естігенімен, «Бұлай деуге сіздерде қандай негіз бар?» – деген сұраққа ақсақалдар, осында батырдың ұрпақтары тұрады, солардың өздері айтар десті.



Ертеңіне қасында бір-екі ақсақал бар, өзін Асхап Жұмаділов деп таныстырған, жасы 90-ға келген ақсақал келді. Ол кісі ҰОС ардагері, екі Қызыл Жұлдыз, «Ерен ерлігі үшін» орден, төсбелгілерінің иегері екен. Ол кісі сауыттың біздің мұражайда болса көргісі келетінін, өзінің оны жас кезінде көргендігін, қазір көрсетсе танитындығын айтты. Мұражай директоры қорда көне сауыттың сақтаулы екендігін, бірақ тарихы белгісіз болғандықтан қолданысқа шықпағандығынан хабардар ете кетті. Сөзімізді түйіндей кетсек, Асхап ақсақал Семейге келісімен жәдігерді көріп, оның Ақтамберді батырдың сауыты екендігін куәландырса дегенге сайды.

Ал біз сөз еткен Ақтамберді батырдың қысқаша өмірбаянын келтіре кетсек:

Ақтамберді Сарыұлы 1675 жылы дүниеге келген, жастайынан өзінің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жоңғар басқыншыларына қарсы күресті ұйымдастырушы болады, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Батыр жырау 93 жасында 1768 жылы қайтыс болады. Кесенесі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Құндызды елді мекеніне тақау Жүрек Жота деген төбенің басында тұр. Алтыншы-жетінші ұрпақтары Аягөз, Жарма аудандарында тұрса керек.

Арада аз уақыт өтісімен 2014 жылдың 26 ақпаны күні Асхап Жұмаділов пен батырдың тағы бір ұрпағы Боран Сейсенұлы Сепбосыновты және кейінгі жас ұрпақтарын ертіп мұражайға келіп, БАҚ өкілдері және Шығыс Қазақстан облысы мәдениет, мұрағаттар, құжаттандыру басқармасының бастығы Н. Қ. Ахметжанов, мұражай қызметкерлері қатысқан жиында сауытты тағы бір мәрте көріп, оны өз аталарының сауыты деп куәландырды.

Жырау ұрпақтары Асхап пен



Боран ақсақалдардың әңгімесіне сүйенсек:

Сауыт Ақтамберді жырау қайтқаннан кейін батырдың ұрпақтары қолында сақталады. Тағдыры ел тарихымен астасқан 1920-30 жылдары, Қытай жеріне өтпек болған сәтте, шекарада тосқауылға тап болып, адамдары қырылып, дүние-мүлік талан-таражға түскен. Бұйымдар арасынан табылған сауытты белгісіз біреулер облыстық өлкетану мұражайына тапсырған. Кейіннен тірі қалған ұрпақтары аталарынан қалған құнды сауытқа іздеу салып, сұрастыра келе Семейдің өлкетану мұражайынан табады.

1950 жылдары әскер қатарынан қайтқан Асхап Жұмаділов ағаларымен мұражайға ере келіп сауытты екінші қайтара іздетіп, тапқызады. Тіркеу кітабында сауыт 1041 номермен, тарихы белгісіз деген түсіндірмемен 1930 жылы тіркелгендігі айқындалады. Алайда бұл жолы да құр көргендері болмаса, еш нәтижесіз құр қол қайтады. Кеңестік дәуір кезінде мұражай қызметкерлері сауытты көрмеге шығара алмаған, тек қорда сақталған.

Кездесуге келіп отырған, батырдың тағы бір ұрпағы Сепбосынов Боран, ҚазССР Ғылым Академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты шығарған «Бес ғасыр жырлайды» жинағының I томында Ақтамберді жыраудың бірнеше өлеңдерін құрастырушыларға тапсырған. Аягөз ауданы Таскескен ауылының тұрғыны, Ақтамбердінің ұрпағы Сейсен Сепбосыновтың баласы, бүгінде зейнеткер.

**Олжас УӘЛИХАНҰЛЫ**



*Тұңғыш рет отанымызда қазақстандық тарихи деректерге сүйеніп жасалған «NOMADS» браузерлік рөлдік ойыны ғаламтор кеңістігіне жол тартты. Қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпын онлайн-ойын арқылы зерделеуге мүмкіндік беретін жобаның авторы, «KazBussinesMedia» қоғамдық қоры кеңесінің төрағасы, танымал тұлқитанушы Асқар Қуанышұлы Омаров. Осы орайда жоба авторымен жолығып, сұхбаттасқан болатынбыз.*



– Асқар Қуанышұлы, бірінші отандық браузерлік ойынды жасап шығардыңыздар. «Қазақстан тарихы» Порталы атынан сіздерге жылы лебіздерімізді білдіре отырып, әңгімеізді бастасақ деп отырмыз. Браузерлік ойынды жасауға не себеп болды, ойынның болашаққа қойып отырған мақсаты қандай?

– Қазіргі кезеңде ғаламтордағы ойынға ұсыныс пен сұраныс көп. Орыс тілді қай порталға кірмейік өз ойындарын ұсынып тұрады. Жастар мен мектеп оқушылары көп қолданатын mail.ru-да қателеспесем жүз шақты ойын бар. Содан бізге қазақ тіліндегі бірінші браузерлік ойынды жасап шығару жайлы ой келді. Бірінші болып бастасақ, бәлкім әлемдегі ойын жазатын ірі корпорациялар болашақта қазақ тіліне көңіл аудараар. Қазақ тілін қалай насихаттамайық, балалар мен жастарға арналған ойындар мен кинолар қазақшаланбай олардың тілімізге деген қызығушылығы еш оянбайды. Өзіңіз де Астанада күнделікті байқап жүрген шығарсыз, қаламыздағы қай қазақ мектебі мен балабақшасына бармайық балалар бәрібір үзілісте тек орысша сөйлеседі. Себебі ғаламтор мен мультфильмдер тек орыс тілінде.

Компьютерлік ойындар орыс тілінде сайрап тұр. Виртуальды кеңістікте қазақ тілді ойынауық орталығы әлі толық құрылып біткен жоқ. «Nomads» ойынын жасау идеясы Әсет Оспанов деген бағдарламашы жегітке осыдан бірнеше жыл бұрын келген екен. Көкейдегі ойын асыруға жағдайы келмей біраз күтіп жүреді. Өткен жылдың қазан айында осы идеяға қажетті қаражат табылып, ағымдағы жылдың алтынышы мамыры күні ойынның бірінші бөлімі аяқталады. Ойға алынған жоспар жетіп артылады. Қазір ойын 2D форматында болса, алдағы уақытта 3D форматында жасап

шығаруды жоспарлап отырмыз. Ойынға қазақтың басқа да көне қалаларын қосу ойымызда бар. Ойындардың басты ерекшелігі – кейіпкерлер ойдан шығарылмаған. Еуропалық, Ресейлік ойындарда көптеп кездесер тролльдар мен гномдар, эльфтар, алыпвитязьдар сияқты қиял-ғажайып кейіпкерлер біздің ойында жоқ. Біздің браузерлік ойын шынайы тарихқа сәйкес. Ойынышылар Nomads-ты ойнай отырып қосымша білім де алады.

– Ойын құрастырушылары түгелге дерлік отандық бағдарламашылар екен...

– Бұл жұмыстың басы-қасында жүріп, команданы жинаған Әсеттің өзі болатын. Бастапқы кезеңде суретшіні Мәскеуден алдырғанбыз, алайда бір апта өткен соң бас тартуға мәжбүр болдық. Ол қандай мықты суретші болғанымен ол біздің ішкі жан-дүниемізбен, таным-түсінігімізді түсіне алған жоқ. Салған суреттері қазақтың келбетін келтіре алмағандықтан, өзіміздің отандық жас суретшілерді жұмысқа тарттық. Бағдарламашыларымыз да түгелге

